

Жемісті, жеңісті жетпіс жыл

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетіне биыл 70 жыл толды. Осыған орай кеше білім ордасында мерекелік іс-шара және «Қазіргі заманғы жаһандық сын-қатер жағдайындағы тәуелсіз Қазақстанның мәдениеті, ғылымы мен білімінің дамуы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті. Оған өлемнің 30-дан астам еліндегі 54 жоғары оқу орнынан ғалымдар, ҚР Білім және ғылым министрлігінің жауапты өкілдері, Парламент Мәжілісінің депутаттары және барлық облыстардағы ЖОО-ның басшылары келді.



Алдымен осы оқу орнының 4 мыңға жуық бірінші курс студенттері кезінде ОҚМУ-дің алғашқы ғимараты №9 орта мектебінің алдынан бас корпуста дейін шеру жасалды. Мемлекеттік туымызды желбіретіп, ұрандатып келген өрендер жұртшылықты мерейтоймен құттықтаса, мәртебелі қонақтар бас ғимараттың алдындағы заңғар жазушының ескерткішіне гүл шоқтарын қойды. Қатысушыларды М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дің ректоры, профессор Жұмахан Мырхалықов құттықтады.

– Бұл оқу орны сонау 1943 жылы ашылған. Қазір университетіміз республикамызда үшінші орында тұр. Ал, әлемдік рейтингте ең таңдаулы 700 оқу ордасының қатарына енді. Бұл басшыларға да, оқытушыларға да, студенттерге де ортақ жетістік. Беделді университетке айналуымызға бұрынғы басшыларымыз да көп еңбек сіңірді. Сондықтан бүгін «Ректорлар аллехсын» ашу туралы шешім қабылдадық, – деді.

Ал, оқу ордасының бұрынғы басшысы, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Уәлихан Бишімбаев: «Бұл оқу ордасында сан мыңдаған адамдар білім алып, қоғамдағы өз орындарын тапты. Университетіміз елімізде алғашқылардың бірі болып халықаралық аккредитациялаудан өтті. Небір ғалымдар, түлектер мемлекеттік сыйлық иегерлері атанды. Студенттеріміз білім, спорт, мәдениет саласында биік белестерді бағындырды. Осындай жақсы бастамалар, жетістіктер өлі де жалғасуы тиіс, – деді ол.

Жалпы 70 жылдық тарихында оқу орнын 16 ректор басқарса, оның біразы осы салтанатты шараға қатысты. Ардагер ұстаздар мен ғалымдардың ақ батасынан кейін келген қонақтар

«Университеттің жетістіктері: Данқты жылдар шежіресі» атты көрмені тамашалады.

Конференцияда облыс әкімінің орынбасары Сәкен Қаныбеков пен ҚР Білім және ғылым министрлігі жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаментінің директоры Фатима Жакыпова оқу ордасын мерейтойымен құттықтады.

Халықаралық дәрежедегі ғалымдар басқосуында университет ректоры Ж.Мырхалықов және Жерар Мишо (Франция), Меор Мохамад Бин Разали (Малайзия), Энтони Олден (Ұлыбритания), Юнг Сам Хванг (Оңтүстік Корея), Көмпла Ғаппарова (Қазақстан) сынды ғалымдар түрлі тақырыптарда баяндама жасалды.

Сондай-ақ қатысушылар «Қазақстан – 2050» стратегиясы – Қазақстан үшін жаһандық және аймақтық көлемдегі жаңа саяси бағыт, Қазақстандағы құқық жүйесінің жетілдірілуі», «Жанартылған энергетика мен энергосақтаушы технологиялардың «ЭКСПО-2017» форматындағы бағдары», «Білім беру сапасы мен менеджментін жетілдіру» сияқты жалпы саны 17 тақырып бойынша келелі ой-ұсыныстарын айтып, пікір бөлісті.

Мерейтойға келген көпшілік жеңіл атлетика манежінде бас қосты. Мұнда оқу орнының бұрынғы басшылары мен ұлағатты ұстаздарына, түлектеріне сый-сияпат жасалды. Осы күні республикалық VII жазғы және Қазан қаласындағы дүниежүзілік университеттер ойындарында жүлдегер атанған спортшыларға құрмет көрсетілді. Кеш соңы гала-концертке ұласты.

*Ғабит САПАРБЕКОВ.
Суретті түсірген Ш. ФАЙЗИЕВ.*